

**№ 10 «Ботақан » ортаңғы топ.Вариативтік жоспар**

<b>Р/с</b>	<b>Тақырыптары</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Күні</b>
1	«Зертеушілер әлемі»	1	
2	«Күн заттарды кептіреді»	1	
3	«Температураға байланысты топырақ жағдайы»	1	
4	«Көлеңке»	1	
5	«Мұздың мөлдірлігі»	1	
6	«Су күйінің ауа температурасына тәуелділігі»	1	
7	«Су-тіршілік көзі»	1	
8	«Ашытқының көмегімен үрленген шар»	1	
9	«Тастар»	1	
10	«Құм және саз жұмсақтар»	1	
11	«Пиязды бір стақан сумен және сусыз өсіру»	1	
12	«Магнит дегеніміз не»	1	
13	«Сықырлы су»	1	
14	«Жылуды қалай өлшейміз»	1	
15	«Бөлме өсімдігінің тамырлануы»	1	
16	«Ненің ізі»	1	
17	«Шыныдағы отшашуы»	1	
18	«Өсімдік қай жерде жақсы өседі»	1	
19	«Ауаның ғажайып қасиеттері»	1	
20	«Жұмыртқаның сықырлығы»	1	
21	«Кемпірқосақ кәмпиттері»	1	
22	«Табиғат және сықырлы бояулар»	1	
23	«Тұздың қасиеті»	1	
24	«Ас дәмдерінің қасиеттері»	1	
25	«Су мен қағаз құпиясы»	1	
26	«Химиялық эксперимент»	1	
27	«Бояулар сыры»	1	
28	«Ақ ұлпа қар»	1	
29	«Табиғат бұрышында ,эксперименталды тәжірибе»	1	
30	«Шырпы сықыры»	1	
31	«Күнбағыс майымен су»	1	
32	«Қағаздар кереметі»	1	
33	«Түр-түсті шарлар»	1	
34	«Мақта түрлері »	1	
35	«Құнсыз заттар кереметі»	1	
36	«Мен зерттеуші боламын»	1	
		<b>36 сағат</b>	

## Түсініктеме

Кішкентай зерттеушілер – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.

Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек... Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Кішкентай зерттеушілер арқылы балалар іздемпаздыққа еңбек тәрбиесіне үйренеді. Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көздейді.

**Мақсаты:** Балалардың іздемпаздыққа еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру

### Міндеттері:

- Балалардың белсенділік, іскерлік және еңбекті құрметтеу қасиеттерін дамыту;
- Жұмыс барысында табиғи материалдарды орынды қолдану іскерліктерін жетілдіру;
- Ұйымдастырушылық қабілеттерін, ұжымдық еңбекте ынтымақтастық сезімдерін дамыту.

### Мазмұны:

- Қағазбен жұмыс
- Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс
- Өз қалаулары бойынша жұмыс
- Шығармашылық көрме